

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ
ҚР БҒМ ҒК А.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ им. А.Х. МАРГУЛАНА КН МОН РК
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ

«ҚАДЫРБАЕВ ОҚУЛАРЫ - 2020»

**VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

(2020 жылғы 27-28 қараша)

МАТЕРИАЛЫ

**VI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ**

«КАДЫРБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2020»

(27-28 ноября 2020 года)

РАЗДЕЛ III. МУЗЕЙ И МУЗЕЙНОЕ ДЕЛО

ҚОБЫЗДЫҢ ҮНІ САРҒАҒАН ҚОРҚЫТ АТА МЕМОРИАЛДЫ КЕШЕНІНЕ 40-ЖЫЛ

О. Ж. Бегалиев

Ұлы өнерімен Ұлы даланы тербеткен, мәңгілік өмірдің жоқшысы, күллі түркі әлемінің ортақ тұлға – Қорқыт атамыздың құрметіне тұрғызылған мемориалды кешеннің құрылғанына биыл 40 жыл толып отыр.

Сырдың бойы сыр тұнған тарихи орындар мен ескерткіштерге бай. Солардың ішінде түркілердің бәріне ортақ тарихи тұлға, кемеңгер ойшыл Қорқыт ата кешенінің бітімі бөлек, тағылымы зор дер едік. Әйгілі орыс ғалымы В.Жирмунскийдің «Сырдария бойында Қорқытты қадірлеудің мың жылдық өнегесі бар» деген пікірінде үлкен шындық бар. Өйткені, бұл Қорқыт атаның кіндік қаны тамған жер, Оғыз мемлекетінің астанасы Жанкентте дүниеге келген данагөй бабаның өмірге шыр етіп келген, ғұмыр кешін, көз жұмған жері. Бабаның аңызы мен рухани-музыкалық мол мұрасы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен жер де – осы Сыр өңірі.

Қорқыт - түркі халықтарының ортақ рухани-тарихи қазынасы ретінде барлық түркі халықтарына да ортақ рухани қазына һәм ортақ тарихи мұра.

Ә.Х. Марғұланың еңбектерінде Қорқыт атаның аңызы жайлы көптеген деректерді қарастырған. Ғалымның пікірінше Қорқыт ата Сыр бойын мекен оғыз тайпаларының арасынан шыққан данышпан қария, болашақты болжап сөйлейтін қария болған (Марғұлан, 1986, 135 б). Қорқыт ата мұрасын зерттеуші Ә.Х. Марғұлан Сырдария бойындағы Янгикент (Жанкент), Жент, Узкент (Өгізкент), Баршынкент (Қыз қала), Сүткент, Отырар, Сауран, Сығанак, Түркістан, тағы басқа оғыздар дәуіріндегі ең атакты қалаларға шолу жасайды. Бұл сол дәуірден келе жатқан түбегейлі мұраның бірі Бегім ана, Сараман мұнаралар, қоса сәулетті күмбіздер, Қорқыт ата жерлеу кешендердің, көпшілігін оғыз дәуірімен байланыстырған.

Қазіргі уақытта оғыз тайпаларының жазба деректері жүйеленін және көптеген ірі ғалымдардың еңбектері жарық көрген. Араб, парсы және түрік тілдерінде жазылған ортағасырлық жазба деректер оғыздардың тұрмыс-тіршілігі мен тайпалық құрамы, саяси құрылымы жайлы да ақпараттар алуға мүмкіндік береді. Солардың ішінде XI ғасырда түркі тілінде жазылған Махмуд Қашғаридың «Диуани лұғат ат-түрк» шығармасында оғыздардың әлеуметтік құрылымы мен тайпалық құрамы былайша сипатталған. Оғыздарда қалыптасқан мемлекеттің болғаны туралы алғашқы хабарламалар ортағасырлық араб тарихшылары әл-Якубидің (IX ғ.) және Ибн әл-Факихтің (X ғ.) шығармаларында кездеседі. Араб деректемелерінде, сонымен қатар, оғыздардың әулеттік билеушілерінің Сырдарияның төменгі бойы мен Арал өңірін басып алғанға дейін-ақ өздерінің ордасы болғаны, оның Ескі Гузия деп аталғаны және оның астана делінгені жайлы айтылады. Сырдарияның төменгі ағысынан қазіргі ірі қалалары Жанкент, Жент, Кескен күйік, Сортөбе

қалаларының археологиялогиялық тұрғыдан зерттелуі бұл халықтың материалдық мәдениеті, қалалардағы бекініс қабырғаларының мықтылығы Орта Азия территориясындағы үлкен қуатты мемлекет болғандығын дәлелдейді (Сыдыкова, 2014, с. 11-15).

Ерекше сәулетімен алыстан менмұндалап тұратын баба кесенесі рухани дүниенің есігі іспетті.

Қобыздың үні сарнаған Қорқыт ата кешені адамзатқа күйбең тірліктің шеңберінен шығуды, әрбір сәттің құнды екенін бағалай білуді еске салып тұрғандай. Қорқыттың мәңгілік өмір дегені де қайталанбас уақытты қадірлеп, келешекке өнер, руханият арқылы өшпес із қалдыру болса керекті.

Әлемге аты мәшһүр Қорқыт ата мемориалды кешені Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы Жосалы кентінің солтүстік-батысындағы 18 шақырым жердегі Қорқыт станциясына жақын табиғи төбе үстінде орналасқан.

Бүкіл түркі әлемінің абызы атанған Қорқыт ата мемориалды кешенінің құрылысы 1980 жылы Қармақшы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, мемлекет және қоғам қайраткері Елеу Көшербаевтың бастамасымен басталған. Қорқыт атаға арналған кешеннің тарихи сызбасы өте керемет жасалған. Кешен құрылысы елімізге белгілі архитектор Б.Ә. Ибраев пен физик-акустик С.И. Исатаевтың жобасымен салынған. Ол кезден кейінде біршама жаңғырту жұмыстары жүргізілген. Ал негізі қайта жаңғырту жұмыстары 2014 жылы Елбасының тапсырмасымен жүргізілді. Бүгінгі күнде Қорқыт ата кешенінің бүгінгі архитектуралық кешенің әлемге таныту, оны дүниежүзілік туристік орталыққа айналдыра отырып, әлемнің әр түкпірінен Сыр еліне келген қонақтарға Түркі өркениетін кеңінен насихаттау үшін көптеген жұмыстар жасалынуда.

Қорқыт ата есімін ұрпақтан-ұрпаққа, ғасырдан-ғасырға аманаттау тұрғысында көптеген ауқымды жұмыстар жүргізіліп келеді. Соның бірі де бірегейі – ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұрасының тізіміне «Қорқыт ата мұраларының» енуі болып отыр.

Рухани жаңғырудың бастауы ұлттық құндылықтар болса, Қорқыт ата мұрасының бәріміз үшін орны бөлек, маңызы ерекше екені сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. -135 б.
2. Сыдыкова Ж.Т. Место Джанкента в средневековой истории Приаралья: огузы и их города по средневековым письменным источникам // Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011 – 2014 гг.). – А.: «Арыс», 2014. – С. 11-15.
3. https://el.kz/news/cities/kobizdin_uni_sarnagan_korkit_ata_kesenesi/



Сурет 1. Қорқыт Ата ескерткіші 1980 жылғы алғашқы құрылыс жұмыстары барысы



Сурет 2. Қорқыт Ата мемориалдық кешені, 2000 жыл



Сурет 3. Қорқыт Ата ескерткіші. Амфитеатр, 2000 жыл



Сурет 4. Қорқыт ата мемориалдық кешені, 2019 жыл.



Сурет 5. Қорқыт ата мемориалдық кешені, 2019 жыл.



Сурет 6. Қорқыт ата музей кешенінің экспозиция залы



Сурет 7. Қорқыт ата мүсіні